

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СӨЗ БОСТАНДЫҒЫНЫҢ БАРОМЕТРИ

Назарларыңызға 2026 жылдың екінші тоқсанындағы Қазақстандағы журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдарының құқықтарына қатысты ахуалға жасалған шолуды ұсынамыз.

Бұл шығарылымда журналистерге құқықтық қысым көрсету, олардың кәсіби қызметіне кедергі келтіру, ақпаратқа қол жеткізуді шектеу, цифрлық шабуылдар мен интернет-цензураның елеулі жағдайлары, сондай-ақ елдегі сөз бостандығының жай-күйіне ықпал етуі мүмкін заңнамадағы өзгерістер мен жария бастамалар қамтылған.

Заңнаманы либерализациялау және пікір білдіру бостандығын қорғау тетіктерін жетілдіру қажеттігі жөніндегі қоғамдық талқылауларға қарамастан, журналистік қауымдастық әлі де көптеген сын-қатерге тап болып отыр. Олардың қатарында қылмыстық және азаматтық-құқықтық қудалау, қоғамдық маңызы бар ақпаратқа қол жеткізудің шектелуі, журналистердің іс-шаралар мен сот процестеріне қатысуына кедергі келтіру жағдайлары, сондай-ақ цифрлық платформалар арқылы жасалатын қысым бар.

Мониторинг ашық ақпарат көздеріндегі мәліметтерге, бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдарына, мемлекеттік органдардың ресми мәлімдемелеріне, сондай-ақ журналистер мен редакциялардың хабарламаларына негізделген.

1. Жалпы ахуал (жаңа заңдардың қабылдануы, жария тұлғалардың мәлімдемелері, жаңа ережелердің енгізілуі).

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 274-бабын қылмыс санатынан шығару (декриминализациялау) мәселесіне қатысты пікірталас жалғасты. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары мен онлайн-платформалардың қызметіне әсер ететін заңнамалық өзгерістер талқыланып, халықаралық ұйымдардың баспасөз бостандығы мәселесіне назары күшейе түсті. Қазақстан Баспасөз бостандығы индексіне сегіз сатыға төмендеп, 149-орынға тұрақтады. Журналистер мен құқық қорғаушылар бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты қозғалған істер санының артқанын, өзін-өзі цензурау қаупінің күшейгенін және сөз бостандығын қорғаудың қосымша кепілдіктерін енгізу қажеттігін мәлімдеді.

Сәуір

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Қылмыстық кодекстің 274-бабын – [«Көрінеу жалған ақпарат тарату» бабын қылмыс санатынан шығару \(декриминализациялау\) мүмкіндігін қарастырып жатыр.](#) Бұл мәселе өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп талқылануда, алайда түпкілікті шешім әзірге қабылданған жоқ.

Аталған мәселе [Парламент депутаттары арасында түрлі пікір тұғызды.](#) Депутаттар Никита Шаталов пен Магеррам Магеррамов бұл бапты толықтай декриминализациялауға қарсы шығып, оның ішінде жасанды интеллект пен дипфейктерді пайдалану арқылы жалған ақпараттың таралу қаупіне назар аударды. Ал депутаттар Ирина Смирнова мен Наталья Дементьева жалған ақпарат таратқаны үшін жауапкершілікті сақтай отырып, жазаны жеңілдету және мұндай құқық бұзушылықтарды әкімшілік құқық бұзушылықтар санатына ауыстыру мүмкіндігін қолдайтындарын білдірді.

22 сәуірде бір топ журналист Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне, Жоғарғы Сотқа, Парламентке, Президент Әкімшілігіне және Бас прокуратураға Қылмыстық кодекстің 274-бабын ішінара [декриминализациялау және оның алғашқы екі бөлігін әкімшілік құқық бұзушылықтар санатына ауыстыру жөнінде ұсыныс жолдады](#). Үндеу авторлары қолданыстағы редакциядағы тұжырымдардың нақты еместігін және бұл баптың пікір білдіру бостандығын шектеу құралы ретінде қолданылуы мүмкін екенін атап өтті.

29 сәуірде Қазақстан халықаралық адам құқықтары және заңдылықты сақтау бюросы журналистер мен редакциялардың [әлеуметтік желілердегі аккаунттарына қол жеткізуді шектеу жағдайларына қатысты мәлімдеме жасады](#). Ұйым мұндай бұғаттау оқиғаларына алаңдаушылық білдіріп, цифрлық платформаларға қолжетімділікті шектеу рәсімдерінің ашық әрі айқын болуын қамтамасыз етуге шақырды.

Мамыр

8 мамырда халықаралық [«Шекарасыз тілшілер» ұйымы қазақстандық журналист Айдос Садықовтың өліміне қатысты іс бойынша БҰҰ-ға жүгінді](#). Ұйымның пікірінше, Қазақстан билігі тергеу аясында Украина тарапымен жеткілікті деңгейде ынтымақтастық танытпаған.

12 мамырда [бірқатар халықаралық ұйым бірлескен мәлімдеме жасап](#), Орталық Азия мемлекеттерін интернетке қол жеткізуді негізсіз шектемеуге, интернет-ресурстарды бұғаттауға қатысты шешімдерге сот бақылауын қамтамасыз етуге және тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарын кибершабуылдардан қорғауға шақырды.

13 мамырда [қазақстандық медиа қауымдастық өкілдері Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына ашық хат жолдап](#), «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске (ӘҚБТК) енгізілетін түзетулерді қолдауға үндеді. Журналистер кәсіби социологиялық зерттеулер мен редакциялық стандартты материалдарды (көше сұхбаттары, блиц-сауалнамалар, интерактивті дауыс берулер) заң жүзінде нақты ажыратуды талап етті. Қазіргі құқықтық белгісіздік салдарынан мұндай материалдар әлеуметтік сауалнама ретінде бағаланып, бұқаралық ақпарат құралдарына айыппұл салуға негіз болып отыр. Үндеу авторлары қоғамдық пікірге сауалнама жүргізудің ғылыми тұрғыдан нақты анықтамасын заңда бекітуді және ӘҚБТК-нің 120-бабына сайлау кезеңінде репрезентативті емес журналистік материалдарды жариялағаны үшін БАҚ пен онлайн-платформаларды жауапкершіліктен босататын өзгерістер енгізуді ұсынды.

Сол күні [«Шекарасыз тілшілер» ұйымының жыл сайынғы Баспасөз бостандығы индексі жарияланды](#). Қазақстан 180 елдің ішінде 149-орынға ие болып, өткен жылмен салыстырғанда сегіз сатыға төмендеді. Ұйым журналистердің жұмыс істеу жағдайының нашарлағанын және бұқаралық ақпарат құралдары үшін құқықтық әрі әкімшілік тәуекелдердің артқанын атап өтті.

Мамыр айында сайлау заңнамасына енгізілетін өзгерістер де талқыланды. [Орталық сайлау комиссиясы](#) блогерлер мен әлеуметтік желі қолданушыларын кандидаттар мен саяси партиялардың жазбаша келісімінсіз үгіт жүргізгені үшін жауапкершілік қарастырылатыны туралы ескертті. Сонымен қатар үгіт материалдарын орналастырудан бас тартқан онлайн-платформаларға айыппұл енгізу және дауыс беру күні толтырылған сайлау бюллетеньдерінің фотосуреттерін жариялауға тыйым салу жөніндегі түзетулер ұсынылды.

Қазақстанда [16 жасқа дейінгі балалардың әлеуметтік желілерді пайдалануына шектеу енгізу жоспарланып отыр](#). Қазіргі уақытта бұл норма Үкімет деңгейінде талқылануда. Түзетулер пакетіне балалардың онлайн-платформаларға қол жеткізуін шектеуге бағытталған нормалар енгізілген.

Маусым

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Брюссельге сапары қарсаңында IPHR және [Қазақстан халықаралық адам құқықтары және заңдылықты сақтау бюросы Еуропалық Одақ басшылығына арнайы үндеу жолдап](#), кездесулер барысында бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі, журналистерді қудалау, Гүлнәр Бәженова мен Әмір Қасеновке қатысты істер, Думан Мұхамедкәрім мен Марат Жыланбаевтың істері, сондай-ақ азаматтық қоғам мен белсенділерге көрсетіліп отырған қысым мәселелерін көтеруге шақырды.

[Қазақстанның медиа қауымдастығы](#) журналистерге қатысты қозғалған істер санының артуына алаңдаушылық білдірді. Олардың пікірінше, бұл тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарына қысымды күшейтіп, өзін-өзі цензурауға ықпал етеді әрі ақпараттың сыртқа шығуы (утечкалар) мен анонимді дереккөздермен жұмыс істеу сияқты дәстүрлі журналистік құралдарды пайдалануды шектейді.

Маусым айында [Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілген түзетулер жарияланып](#), онда тыйым салынған насихат сипатындағы мәліметтер мен материалдарды қамтитын ақпараттық өнімді таратуға қатысты жаңа құқық бұзушылық құрамы енгізілді.

Мәжіліс депутаты [Магеррам Магеррамов Мемлекеттік кірістер комитеті жариялаған шетелдік қаржыландыру алушылардың тізіміне байланысты](#) Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға депутаттық сауал жолдады. Ол жарияланған деректер, өзінің бағалауынша, журналистік және құқық қорғау қауымдастығының жекелеген өкілдеріне шетелдік ықпалдың ауқымын көрсететінін мәлімдеді. Сондай-ақ депутат кейбір бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық қайраткерлер «өшпенділік жаршысы» ретінде әрекет етіп, елдегі қоғамдық-саяси ахуалға ықпал етуі мүмкін деген пікір білдірді.

Қазақстан Президенті [Қасым-Жомарт Тоқаев дипфейктер мен «бот-фермалардың» қоғамға төнетін негізгі қауіптердің біріне айналғанын мәлімдеді](#). Оның айтуынша, заманауи технологиялар жалған ақпарат таратуға, қоғамдық пікірді манипуляциялауға және арандатушылық әрекеттер жасауға пайдаланылып отыр. Президенттің сөзінше, «бот-фермалар» қақтығыстарды ушықтыруға және шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратуға бағытталған цифрлық ортаны қалыптастырады. Сондай-ақ ол фактілердің орнын эмоциялар мен манипуляциялар басатын «постақиқат» (post-truth) құбылысына көшу қаупіне назар аударды.

Президент журналистер жалған ақпаратқа қарсы қоғамның «иммундық жауабының» бір бөлігіне айналып, оны анықтауға және әшкерелеуге атсалысуы тиіс екенін айтты. Сонымен бірге ол Қазақстанда сөз бостандығы сақталатынын және цензураға тыйым салынғанын атап өтіп, алайда сөз бостандығы шексіз еркіндікке ұласпауы керектігін жеткізді.

26 маусымда Премьер-Министрдің орынбасары [Серік Жұманғарин ашық іс-шара барысында журналистерге қарата](#): «Оқиғаларды жариялау тәсілдеріңіз мені қанағаттандырмайды. Кейде сіздерге менімен қарым-қатынаста пиар қажет сияқты көрінеді, ал мен үшін айтқан сөзімнің бұрмаланбай барынша кең аудиторияға жеткені маңызды. Сіздердің ұстанымдарыңызды түсінемін және айыптамаймын, бірақ сіздер де

мені түсініңіздер. Мен өзіме жүктелген, еңбекақы төленетін жұмысымды атқарып жүрмін және оның нәтижесі бұрмаланбай халыққа жетуіне мүдделімін. Сондықтан осындай жолды таңдадым: алдымен өз ұстанымымды Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшамда жариялаймын, кейін сол жерде пікірлер мен ұсыныстарды жинап, қойылған сұрақтарға жауап беремін», – деп мәлімдеді.

2. Құқықтық қысым (сот талаптары, сотқа дейінгі талап-шағымдар, қамауға алу, ұстап алу).

Есепті кезеңде журналистер мен блогерлерге қатысты сот талаптары, сотқа дейінгі талап-шағымдар, қылмыстық істер, жауап алу және әкімшілік құдалау фактілері тіркелді. Сонымен қатар бірқатар сот шешімдері бұқаралық ақпарат құралдарының пайдасына шығарылды, ал Азаттық радиосы журналистерін аккредиттеу мәселесіне қатысты дау медиациялық келісіммен аяқталды. Бұған қоса тәуелсіз медиа өкілдеріне қатысты бірнеше резонанстық қылмыстық істі қарау жалғасты.

Сәуір

[Elmedia редакциясы цифрландыру саласындағы бюджет қаражатының жұмсалуына арналған материал жариялағаннан кейін «Documentolog» ЖШС-нен сотқа дейінгі талап-шағым алды.](#) Компания жарияланымды алып тастауды, терістеу жариялауды талап етіп, талаптар орындалмаған жағдайда құқықтық жауапкершілікке тартылуы мүмкін екенін ескертті. Редакция өз кезегінде материалдың ашық дереккөздерге, мемлекеттік сатып алуларды талдауға және цифрлық жобалардың аудитіне қатысты құжаттарға негізделгенін мәлімдеп, іс сотқа жеткен жағдайда өз ұстанымын қорғауға дайын екенін жеткізді.

«Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» ЖШС мен Orda.kz арасындағы сот дауы аяқталды. [Дауға Orda News YouTube арнасында жарияланған сұхбат себеп болды.](#) Онда компанияның қызметі мен оның қызметкерлеріне қатысты пікірлер айтылған. Апелляциялық сатыдағы сот бірінші саты сотының шешімін өзгеріссіз қалдырып, таратылған мәліметтер шындыққа сәйкес келмейді әрі талапкердің іскерлік беделіне нұқсан келтіреді деп таныды. Сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін редакция бейнематериалды алып тастады.

Сот елордадағы құрылыс компаниясының [Ulys Media-ға қарсы берген талап-арызын қанағаттандырудан бас тартты.](#) Дауға Respublika тұрғын үй кешенінің тұрғынының кешен аумағының жағдайына қатысты шағымы жарияланған материал негіз болды. Сот жарияланымда шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер жоқ және компанияның іскерлік беделіне нұқсан келтірілмеген деген қорытындыға келді. Талап-арыз толық көлемде қанағаттандырусыз қалдырылып, сараптама шығындары талапкердің есебінен өндірілді.

Түркістан облысында блогерлер мен қоғамдық белсенділер Turkistan телеарнасының сюжеті негізінде [жарияланған жазбалардан кейін жала жапты деген айыппен жауапкершілікке тартыла бастады.](#) Қудалауға ресми кеңесте талқыланған шенеунік туралы телеарна материалын қайта баяндаған жарияланымдар себеп болған. Авторлардың бірі Бекболат Саменов әкімшілік қамауға алынды. Бұл жағдай бұқаралық ақпарат құралдары бұрын жариялаған ақпаратты дәйексөз ретінде пайдаланудың құқықтық шегі жөнінде қоғамдық пікірталас тудырды.

Мамыр

Шымкентте журналист Арай Есенбек бопсалау ісі бойынша [кінәлі деп танылып, бес жылға бас бостандығынан айырылды](#). Сонымен қатар оған жаза мерзімі аяқталғаннан кейін бес жыл бойы бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істеуге тыйым салынды. Соттың анықтауынша, жергілікті әкімдік туралы материалдар жарияланғаннан кейін журналист 10 млн теңге көлемінде келісімшарт жасауды талап етіп, талап орындалмаған жағдайда теріс мазмұндағы жарияланымдарды жалғастыратынын айтқан.

Астана қаласының полициясы Конституция жобасы бойынша өткен референдум күні «Азаттық» радиосының тілшісі [Жолдас Өрісбайды ұстаған полиция қызметкерлерінің әрекетінен заң бұзушылық белгілерін анықтаған жоқ](#). Мұндай жауап редакцияның журналистің сайлау учаскесінде негізсіз ұсталғаны туралы жолдаған өтінішіне берілді.

Алматыда құрылыс компаниясының журналист [Вадим Борейкоға қарсы берген талап-арызы бойынша сот талқылауы жалғасты](#). Іс тұрғын үй кешенінің **Premier** құрылысына қатысты жарияланымдарға байланысты қозғалған. Сот отырысында талапкердің өкілі компанияның іскерлік беделі мен коммерциялық құпиясын қорғау қажеттігін алға тартып, процесті жабық режимде өткізуді сұрады. Алайда сот бұл өтінішті қанағаттандырмай, істі ашық қарауды жалғастырды. Компания журналистен ірі көлемде шығын өндіруді талап етіп отыр.

Павлодарда журналист [Ольга Воронько жергілікті әскери комиссар туралы жарияланған материалға байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру](#) аясында жауап алуға шақырылды. Шақыру қағазында келмеген жағдайда заңда көзделген шаралар қолданылуы мүмкін екені ескертілген. Журналистің айтуынша, жауап алу шамамен жиырма минутқа созылған.

Журналист [Александра Алёховаға қатысты қылмыстық іс сотқа жолданды](#). Оған «Кенжехан» базары туралы материал жариялау барысында Елена Садвакасованың бұрынғы сотталғаны жөніндегі мәліметтерді көрсету арқылы дербес деректерді заңсыз таратты деген айып тағылып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметінше, Алёховаға қатысты алғашқы арыз 2022 жылы түсіп, кейін іс тоқтатылған. Алайда кейіннен жаңа арыз берілген. Соңғы уақытқа дейін журналист іс бойынша қорғау құқығы бар куәгер мәртебесінде болған, ал 2026 жылғы наурызда тергеу әрекеттеріне шақырылған. Айып тағылған бап бойынша ең жоғары жаза жеті жылға дейін бас бостандығынан айыруды көздейді. Бұған дейін осыған ұқсас іс бойынша журналист Олег Гусев үш жылға шартты түрде сотталған болатын.

Журналист Ботагөз Омароваға қатысты [қылмыстық іс тараптардың татуласуына байланысты тоқтатылды](#). Бұған дейін ол жариялаған ақпараттың шындыққа сәйкес келмейтінін мойындап, «ВД Строй-Инжиниринг» ЖШС-нен және оқырмандардан кешірім сұраған теріске шығару жариялаған.

Қазақстан Республикасының [Сыртқы істер министрлігі мен «Азаттық» радиосының құрылтайшысы – «Азат Еуропа/Азаттық радиосы»](#) (RFE/RL) арасындағы журналистерді аккредиттеу мәселесіне қатысты дау реттелді. Медиативтік келісімді Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты бекітті. RFE/RL өкілдерінің айтуынша, қол жеткізілген келісімдердің нәтижесінде «Азаттық» журналистерінің басым бөлігі Қазақстандағы толыққанды қызметіне қайта оралуға мүмкіндік алады. Дау журналистерге аккредитация беруден бас тарту және оны рәсімдеудің ұзаққа созылуына байланысты туындаған.

Маусым

Алматыда [KazTAG ақпарат агенттігінің бас редакторы Әмір Қасеновке қатысты сот процесі басталды](#). Бұған дейін сот оған қатысты бұлтартпау шарасын қатаңдатып, ұйқамақтың орнына қамауда ұстау түрін таңдаған болатын. Сот мәліметінше, мұндай шешім Қасеновтің қылмыстық іс бойынша интернетте бейнеүндеулер жариялап, ұйқамақ талаптарын бұзғанынан және сот отырыстарының біріне келмегенінен кейін қабылданған. Әмір Қасенов пен **KazTAG** агенттігінің бас директоры Асет Матаевқа қатысты Freedom Finance компаниясының шағымы негізінде қасақана жалған ақпарат тарату фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған. Іс басылымда жарияланған компанияның ықтимал алаяқтық схемалары туралы материалдарға байланысты.

Батыс Қазақстан облысының соты [«Орал апталығы» басылымына қатысты Батыс Қазақстан облысы Энергетика басқармасының іскерлік беделін қорғау туралы талап-арызын қанағаттандырды](#). Сот «Сұйытылған газ жеткізушісі БҚО Энергетика басқармасын өзін нарықтан ығыстыруға бағытталған схеманы құрды деп айыптады» деген жарияланымның тақырыбын шындыққа сәйкес келмейді әрі басқарманың іскерлік беделіне нұқсан келтіреді деп таныды. Редакцияға тақырыпта келтірілген мәліметтерді теріске шығару міндеттелді. Сонымен қатар басылым мұндай тақырыптың мүлде жарияланбағанын мәлімдеді.

Алматыда **Orda.kz** басылымының бұрынғы бас редакторы [Гүлнар Бәжкеноваға қатысты қылмыстық іс бойынша алғашқы сот отырысы 2 шілдеге тағайындалды](#). Іс Бостандық аудандық №2 сотында онлайн форматта қаралады. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметінше, журналистің мүддесін мемлекет тағайындаған адвокат қорғайды. Гүлнар Бәжкенова 2025 жылдың желтоқсан айынан бері ұйқамақта отыр. Оған қасақана жалған ақпарат таратты деген айыппен бірнеше қылмыстық іс қозғалған.

[Құқықтық медиа орталығы жеке бұқаралық ақпарат құралдарына бөлінетін бюджет қаражаты туралы ақпарат беруден бас тартқаны үшін](#) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарсы сотқа жүгінді. Мемлекеттік орган медиагранттардың жалпы көлемі туралы мәліметті ұсынудан бас тартқан. Алдын ала сот отырысында министрлік өкілдері сұратылған ақпарат «қызметтік пайдалану үшін» санатына жататынын, сондықтан жария етілмейтінін мәлімдеді. Өз кезегінде талапкерлер бұған дейін мұндай мәліметтердің ашық түрде ұсынылғанын және мемлекеттік ақпараттық тапсырыс туралы деректерді бірыңғай медиаплатформа арқылы қолжетімді ету жоспарланғаны жөнінде жария мәлімдемелер болғанын атап өтті.

Журналист Асет Матаев Алматыдағы бұзақылық фактісі бойынша [қозғалған қылмыстық іс аясында оқиғадан үш ай өткен соң жәбірленуші деп танылды](#). Адвокатының айтуынша, 27 маусымда Алматы қаласы Медеу аудандық полиция басқармасы Матаевтың ресми түрде жәбірленуші мәртебесін алғанын хабарлаған. Шабуыл салдарынан оған металл тірекпен бірнеше рет соққы жасалып, дәрігерлер бас сүйегінің сол жақ маңдай сүйегі сынған деген диагноз қойған. Бұған дейін Матаевтың өзіне денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтірді деген бап бойынша қылмыстық іс қозғалып, ол уақытша ұстау изоляторына, кейін тергеу изоляторына қамалған болатын.

3. Журналистердің кәсіби қызметіне кедергі келтіру (ұрып-соғу, қорқыту, шабуыл жасау, түсірілімге тыйым салу, іс-шараларға қатыстырудан бас тарту)

Журналистердің кәсіби қызметіне кедергі келтірудің ең көп таралған түрлерінің қатарында ашық іс-шаралар мен сот процестеріне кіргізбеу, фото және бейнетүсірілім жүргізуге шектеу қою, лауазымды тұлғалармен тілдесуге тыйым

салу, журналистердің жұмысына араласу, сондай-ақ кәсіби міндетін атқару кезінде оларды ұстау және қысым көрсету фактілері болды.

Сәуір

Астанада өткен машина жасау саласы форумында күзет қызметкерлері бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің [Премьер-Министр Олжас Бектеновтің баяндамасынан кейін оған жақындап](#), сұрақ қоюына мүмкіндік бермеді.

Осыған ұқсас жағдай Атырау облысына Оқу-ағарту министрінің сапары кезінде де тіркелді. Бұған дейін [баспасөз турына қатысуға шақырылған журналистер сапардан шеттетіліп, автобустан түсіп кету талап етілді](#). Кейін облыстық білім басқармасы министрдің сапарын жариялау өңірлік коммуникациялар қызметіне жүктелгенін түсіндірді.

Блогер Ерболат Жанабыловтың [ісі бойынша сот отырысында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері сотталушы журналистер орнатқан](#) дыбыс және бейнежазба құрылғыларын өшіріп тастағаннан кейін олардың кәсіби қызметіне араласу орын алғанын мәлімдеді.

Шымкентте [Vera.kz басылымының бас редакторы Марина Низовкина](#) ашық сот процесіне қатысты материалдар мен пікірлерді әлеуметтік желілерде жариялауға тыйым салынғанын хабарлады.

Алматыда құрылыс компаниясының [журналист Вадим Борейкоға қарсы берген талап-арызы аясында](#) оның банк шоттарына тыйым салынып, өзі жауапкер болып отырған сот процесін жариялауға шектеу енгізілді.

Атырауда облыс прокурорының қатысуымен өткен көгалдандыру мәселелеріне арналған ашық кездесуде [журналистерден залдан шығу талап етілді](#). «Ақ Жайық» редакциясының хабарлауынша, бұл талап тек бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне қатысты қойылған. Ал кездесуге қатысқан блогерлер мен қоғамдық белсенділерді қоса алғанда, өзге қатысушылар залда қала берген.

Сондай-ақ Петропавлдағы [ашық сот отырысына кіргізілмеген журналист Төлеген Имановтың шағымы](#) бойынша қабылданған шешім ерекше назар аударуға тұрарлық. Қызметтік тексеру нәтижесінде Судья әдебі жөніндегі комиссия судьяның тәртіптік теріс қылық жасағанын және сот талқылауының жариялылығы қағидаты бұзылғанын анықтады. Осыған байланысты өңірдегі соттардың басшылығына ашық сот процестеріне қолжетімділікті шектеуге жол берілмейтіні жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мамыр

Qumash басылымының журналисі Светлана Глушкова **Maqsut Narikbayev University** ұйымдастырған студенттерге арналған іс-шарада [кәсіби қызметіне кедергі келтірілгенін мәлімдеді](#). Аккредитациясы болғанына қарамастан, ұйымдастырушылардың, баспасөз қызметі мен қауіпсіздік қызметінің өкілдері оның іс-шара аумағындағы қозғалысын бақылап, қатысушыларға қоя алатын сұрақтарының аясын шектеуге тырысқан. Редакция бұл әрекеттерді журналистің кәсіби қызметіне араласу деп бағалады.

Алматыда бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шенеуніктердің қатысуымен өткен [нысандарды бұзу мәселесіне арналған талқылауға жіберілмеді](#). Журналистердің залға кіруіне және лауазымды тұлғалардан пікір алуына шектеу қойылды.

Петропавлда журналистерге бюджет қаражаты есебінен экопарк салынып жатқан Пестрое көлін [қайта жаңғырту аумағында бейнетүсірілім жүргізуге рұқсат берілмеді](#). Редакция өкілдерінен нысан аумағынан кету талап етілді. Қала әкімдігі араласқаннан кейін ғана журналистердің аумаққа кіруіне мүмкіндік берілді.

Астанада өткен «Әділет» партиясының құрылтай съезін жариялау барысында да [журналистердің ақпаратқа қол жеткізуіне байланысты мәселелер туындады](#). Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері аккредиттеу кезінде жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) және пайдаланылатын техникалар туралы мәліметтерді талап ету секілді түсініксіз талаптардың қойылғанын хабарлады. Съезд басталғаннан кейін журналистердің залға және іс-шара қатысушыларына қол жеткізуі шектелді. Куәгерлердің айтуынша, өзін күзет қызметінің өкілдері ретінде таныстырған адамдар журналистердің өтуіне күш қолдана отырып кедергі келтірген. Олар өз әрекеттерінің негізін түсіндірмеген және өкілеттігін растайтын құжаттарды көрсетпеген.

Журналист [Асхат Ниязов Алматы қаласы әкімдігінің басшылығымен байланысуға әрекет жасағаннан кейін өзін полиция тоқтатқанын мәлімдеді](#). Оның айтуынша, өрт сөндіргіштің жоқтығы үшін айыппұл салынып, күмәнді белгілерге байланысты медициналық куәландырудан өтуге жіберілген. Алайда тексеру барысында ешқандай заң бұзушылық анықталмаған соң ол босатылған. Асхат Ниязов бұл оқиғаны Алматы әкімдігімен байланыстырды. Оның айтуынша, мұндай жағдайлар қала билігімен байланыс орнатуға тырысқан сайын қайталанатын. Сонымен қатар ол қала әкімімен сұхбат алуға және әкімдік жұмысы туралы материалдар жариялауды жалғастыратынын айтты.

Маусым

Орал қаласында [журналист Лұқпан Ахмедьяров Ресей Ішкі істер министрлігінің сұрауы бойынша мемлекетаралық іздеуде жүргені туралы](#) ақпаратқа байланысты құжаттарын тексеру үшін полиция қызметкерлерімен ұсталды. Полиция бөлімінде оған Ресейде 2025 жылғы наурыздан бастап Ресей Қарулы күштері туралы қасақана жалған ақпарат таратты деген бап бойынша қылмыстық іс қозғалғаны хабарланған. Лұқпан Ахмедьяров өзіне тағылған айыптың мәнін түсінбейтінін айтып, бұл қудалауды өзінің журналистік қызметімен және Украинадағы соғыс туралы жарияланған материалдарымен байланыстырды. Медициналық куәландырудан өткеннен кейін оған міндетті автосақтандыру полисінің жоқтығы үшін айыппұл салынып, кейін босатылды.

Қоғам қайраткері Ермек Нарымбайға қатысты [сот процесі өтіп жатқан залға бейнекамерасы бар журналистер кіргізілмеді](#). Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне сот отырысына тек түсірілім техникасынсыз қатысуға рұқсат берілді. Бұл ретте процестің бейнежазбасын соттың өзі жүргізген. Судья шектеуді сот залындағы орынның жетіспеуімен түсіндірді. Алайда журналистер мұндай талаптардың ашық сот процесін толыққанды жариялауға кедергі келтіретінін және бұқаралық ақпарат құралдарының сот барысын тіркеу мүмкіндігін шектейтінін айтты.

11 маусымда «Ахуал сегодня» [YouTube-арнасының авторы Азамат Омаров үйіне полиция қызметкерлері келгенін хабарлады](#). Журналистің айтуынша, оған Астанада велосипедшімен болған оқиға кезінде өзін итеріп жіберді деп мәлімдеген азаматтың арызы таныстырылған. Осыдан кейін Азамат Омаров түсініктеме беру үшін полиция бөліміне жеткізілді.

Журналист Ольга Воронько Қазақстан гимнастика федерациясының бас хатшысы Раббани Әшімбеков [өзіне сотқа жүгінетінін айтып қорқытқанын мәлімдеді](#). Оның айтуынша, бұған Италияда өтетін спорттық акробатикадан әлем чемпионатына қазақстандық екі жұптың сапарын қаржыландыру мәселесіне арналған жарияланымдар

мен бейнематериалда федерацияның аталмауы себеп болған.

4. Интернет-цензура (бұғаттау, аккаунттарды бұзып кіру, DDoS-шабуылдар)

Мониторинг кезеңінде медиаресурстарға жасалған DDoS-шабуылдар, әлеуметтік желілердегі аккаунттардың жаппай бұғатталуы мен жарияланымдардың жойылуы, Meta және Google платформалары тарапынан енгізілген шектеулер, сондай-ақ қоғамдық маңызы бар контентті іздеу жүйелерінен алып тастау мақсатында авторлық құқықты бұзу туралы жалған шағымдарды пайдалану әрекеттері тіркелді.

Сәуір

Сәуір айында интернет-ресурстарға жасалған шабуылдар мен [әлеуметтік желілердегі контентке қолжетімділікті шектеу фактілері тіркелді](#). Айдың басында су тасқыны қаупін болжауға арналған интерактивті картасы бар сервиске DDoS-шабуыл жасалды. Соның салдарынан ресурс уақытша қолжетімсіз болды. Осы кезеңде [Exclusive.kz сайты да қысқа уақытқа ашылмай қалды](#). Алайда редакция мұны хостинг-провайдердің техникалық ақауларымен байланыстырды.

2 сәуірге қараған түні Instagram 25 наурыздан бері интеллектуалдық меншік қағидаларын бұзды деген себеппен бұғатталған [«Азаттық» радиосының \(шамамен 784 мың жазылушысы бар\) аккаунтын қайта ашты](#). Платформа әкімшілігі редакциядан ресми түрде көшірім сұрап, Қазақстан мен әлемдегі қоғамдық-саяси оқиғаларды жариялап келген парақша «қателікпен» бұғатталғанын мойындады.

Айдың екінші жартысында бірнеше тәуелсіз журналист пен медиа [Meta платформалары тарапынан жарияланымдардың жаппай жойылғанын](#) және түрлі шектеулер енгізілгенін хабарлады. Ең ірі жағдай Respublika.kz-тің Facebook парақшасында тіркелді. Алдымен ондаған жарияланым өшіріліп, кейін олардың саны бірнеше жүзге жетті. Соңында парақша толық бұғатталды. Осындай шағымды журналист Вадим Дергачев те айтып, өзінің Facebook пен Instagram желілеріндегі жарияланымдарына жаппай шағым түсірілгеннен кейін контентінің қайтадан жойыла бастағанын хабарлады.

Осыған ұқсас мәселелер [Shishkin like медиа-жобасына да әсер етті](#). Авторлық құқықты бұзды деген шағымдардан кейін жобаның Instagram аккаунтына алдымен шектеу қойылып, кейін толық бұғатталды. Редакция мұндай жаппай страйктар мен бұғаттауларға KazTAG, «Республика», FINANCEkaz және Құқықтық медиа орталығы сияқты басқа да тәуелсіз қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық жобалар тап болғанын мәлімдеді.

[Құқықтық медиа орталығы өзінің Instagram аккаунты толық бұғатталғанын хабарлады](#). Бұған дейін ұйым бір ай бойы цифрлық қысымға ұшырап, оның ішінде жаппай шағымдар түсіріліп, YouTube парақшасы уақытша бұғатталған. Соңғы бұғаттаудың алдында әлеуметтік желі аккаунттың кейбір функцияларын шектеп, пайдаланушының жеке басын растауды талап еткен. Алайда бұл рәсімнен өткеннен кейін парақша толық бұғатталған.

Мамыр

«98 Magazine» интернет-басылымының Instagram аккаунты [авторлық құқықты бұзды деген болжаммен бұғатталды](#).

[Журналист Кирилл Павлов өзінің Facebook аккаунты бірнеше ай бойы жаппай шағымдардың салдарынан платформа алгоритмдері тарапынан шектеуге ұшырағанын хабарлады.](#) Кейін Meta-ның қолдау қызметіне жүгінген соң бұл шектеулер алынып тасталды.

[Журналист Динара Егеубаева да өзінің Instagram аккаунты бұғатталғанын мәлімдеді.](#) Оның айтуынша, бұған дейін парақшаны бұзып кіруге жасалған бірнеше әрекет туралы хабарламалар келген.

18 мамырда Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі пайдаланушылар [«Азаттық» және «Азаттық Азия» сайттарына қол жеткізе алмағанын хабарлады.](#) Кейін Google авторлық құқықтың бұзылғаны туралы шағымдарға сүйене отырып, «Азаттық Азия» мен «Ферғана» басылымдарының Қазақстандағы RFE/RL ресурстарының бұғатталуына арналған материалдарын іздеу нәтижелерінен алып тастағаны белгілі болды.

Сондай-ақ Google «ВД Строй-Инжиниринг» компаниясына қатысты жарияланымдарға байланысты [«Азаттық Азия» мен «Ферғана» материалдарын да іздеу жүйесінен алып тастады.](#) Бұған авторлық құқықтың бұзылғаны туралы шағымдар себеп болған. Редакциялар бұл шешімді модерациядағы қателік деп бағалап, қоғамдық маңызы бар ақпаратқа қолжетімділікті шектеу үшін мұндай шағымдарды пайдалану қаупіне назар аударып, апелляциялық шағым түсірді.

Мамыр айында [Qumash.kz сайтына DDoS-шабуыл жасалғаны тіркелді.](#) Соның салдарынан сайт бірнеше рет іркіліспен жұмыс істеп, кей кездері пайдаланушылар үшін толық қолжетімсіз болды.

Құқықтық медиа орталығы өзінің жарияланымын Google іздеу жүйесінен алып тастауға бағытталған [авторлық құқықты бұзу туралы жалған шағым анықталғанын хабарлады.](#) Lumen Database базасындағы мәліметтерді талдау мұндай шағымдардың «ВД Строй-Инжиниринг» ЖШС туралы материал жариялаған тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарына қарсы да жолданғанын көрсетті. Бұл ретте «түпнұсқа материал» ретінде мазмұны мүлде сәйкес келмейтін New York Post газетінің ескі мақалалары пайдаланылған. Құқықтық медиа орталығы мұны қоғамдық маңызы бар ақпарат пен тәуелсіз медианың материалдарының таралуын шектеуге бағытталған цифрлық қысым науқанының бір бөлігі деп бағалады.

Маусым

1 маусымда reQUEST құқық қорғау тобы заңның қолданылуын бақылау, құқықтық талдау жүргізу және ағартушылық жұмыс үшін құрылған [lgbtpropaganda.kz сайтының бұғатталғанын хабарлады.](#) Ұйымның мәліметінше, 30 наурыз бен 5 сәуір аралығында Қазақстан аумағында сайтқа қолжетімділік бірнеше рет шектелген, алайда шетелден сайтқа кіру мүмкін болған. Сәуір айында reQUEST мемлекеттік органдарға сұрау жолдап, сайтты бұғаттау туралы шешімді, қолжетімділікті шектеудің құқықтық негіздерін және заңсыз деп танылған нақты контентті көрсетуді талап етті. 21 сәуірде Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті «дәстүрлі емес жыныстық бағдарды насихаттауға» тыйым салу туралы заң нормаларына сүйене отырып, сайтқа қолжетімділік шектелгенін растады. Алайда бұғаттау туралы шешімнің өзін де, контентке жасалған құқықтық бағалауды да ұсынған жоқ. Ұйым сотқа талап-арыз беріп, бұл нұсқаманы заңсыз деп тануды, сайтқа қолжетімділікті қалпына келтіруді және бұғаттаудың құқықтық негіздерін жариялауды талап етті.

[Журналист Аян Шәріпбаев кәсіпкер Тимур Турлов туралы материал жариялағаннан кейін өзінің Facebook парақшасына техникалық шабуыл жасалғанын мәлімдеді.](#) Оның айтуынша, аккаунт қолжетімсіз болып қалған, ал оны қалпына келтіру әрекеттері

нәтиже бермеген. Журналист бұл оқиғаны резонанс тудырған жарияланыммен байланыстырды. Ол өз парақшасының жұмысына әдейі араласу болуы мүмкін екенін жоққа шығармайтынын айтып, бұл туралы көпшілікке жариялады.

5. Ақпаратқа қол жеткізу және цензура (ақпарат беруден бас тарту, сауалдарды елемеу, толық емес жауаптар беру, жауап беруден жалтару)

Мониторинг кезеңінде мемлекеттік органдар журналистердің сауалдарына толық емес немесе формалды жауаптар беріп, бюджет қаражатының жұмсалуды туралы мәліметтерді жариялаудан бас тартты, қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша түсініктеме беруден жалтарды, ал жекелеген жағдайларда құқықтық негізділігі күмән тудыратын себептерге сілтеме жасады. Сонымен қатар мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен ақпаратқа қол жеткізуді шектеудің рұқсат етілетін шегі туралы қоғамдық пікірталастар жалғасты.

Сәуір

Астанада өтетін Өңірлік экологиялық саммитке дайындыққа арналған брифингте Экология министрлігінің өкілдері [іс-шараның жалпы бюджеті 2,7 млрд теңгені құрайтынын растады](#). Алайда шығыстардың егжей-тегжейлі құрылымы мен қаржыландырудың мемлекет пен халықаралық серіктестер арасында қалай бөлінетіні туралы ақпарат жарияланбады.

Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдері [жас аналардың жұмысқа шыққаннан кейін әлеуметтік төлемдерді сақтау мәселесіне нақты түсініктеме бермеді](#). Толық емес жұмыспен қамтылған жағдайда жәрдемақылардың қандай жағдайда сақталатыны немесе тоқтатылатыны туралы сұраққа нақты жауап берілген жоқ.

Осыған ұқсас жағдай зейнетақы жинақтарының жеткіліктілік шегін өзгерту мәселесін талқылау кезінде де орын алды. Журналистердің сауалына жауап ретінде мемлекеттік органдар есептеу тәсілдерін қайта қарау мәселесі қарастырылып жатқанын растағанымен, [жоспарланып отырған өзгерістердің нақты параметрлері мен оларды қабылдау мерзімдерін жарияламады](#).

Атырау қаласының білім басқармасы мен әкімдігі [«Ақ Жайық» редакциясының бірқатар резонансты тақырыптар](#) (Vinom мектептеріндегі мәселелер, бюджет қаражатының ірі көлемде жұмсалуды және жер даулары) бойынша жолдаған ресми сауалдарына жауап беруден бас тартты. Бұған «журналист мәртебесінің расталмауы» себеп ретінде көрсетілген. Басылым бұл әрекетті өздерінің соңғы сын материалдарымен байланыстырады және барлық сауалдардың заң талаптарына сай, редакцияның ресми бланкісінде әрі бас редактордың қолымен жолданғанын атап өтті.

Атырауда «Ақ Жайық» редакциясы су басқан тұрғын үйдің тұрғындарына төленетін [өтемақыға қатысты толыққанды ақпарат ала алмады](#). Жөндеу жұмыстарын жүргізетін мердігерлер мен қаржыландыру туралы мәлімет болғанына қарамастан, жергілікті билік келтірілген залалды өтеу тәртібін, өтініш беру рәсімін және жұмыстарға қатысушылар арасындағы жауапкершіліктің бөлінуін түсіндірмеді. Сондай-ақ жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының құны туралы ақпарат та ұсынылмады.

Мамыр

5 мамырда Энергетика министрлігі атом электр станциялары жобаларына қатысты [ақпараттың бір бөлігін құпияландыру мүмкін екенін мәлімдеді](#). Энергетика

вице-министрі Сұңғат Есімхановтың айтуынша, мұндай қажеттілік үкіметаралық келісімдер жасалған жағдайда туындауы мүмкін. Дегенмен қазіргі уақытта іске асырылып жатқан жобалар туралы ақпарат ашық күйінде қалып отыр.

Мәжіліс кулуарында [Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев журналистердің сұрақтарына жауап бермей](#), баспасөз өкілдерімен кездесетін орынды тастап кетті. Осыған ұқсас жағдайда Энергетика вице-министрі Қайырхан Тұтқышбаев та журналистердің сұрақтарына жауап бермей, пікір білдіруден жалтарды.

Sotreport.kz редакциясы QNET компаниясына қатысты қылмыстық істерде пайдаланылған [сараптамалық қорытындылар жөніндегі сауалдарға мемлекеттік органдардың формалды жауап бергенін хабарлады](#). Жоғарғы Сот, Бас прокуратура және Қаржылық мониторинг агенттігі қойылған сұрақтардың мәні бойынша түсініктеме бермей, сот тәуелсіздігі мен бұрын қабылданған шешімдерге ғана сілтеме жасаумен шектелді.

Журналистер Перизат Қайраттың ісі аясында тәркіленіп, кейін мемлекеттік органдардың қарамағына берілген автокөліктің нақты қай мемлекеттік құрылымға тапсырылғаны туралы ақпарат ала алмады. [Бұл мәлімет мемлекеттік құпиялар туралы заңнамаға сілтеме жасалып, жарияланбады](#).

Қоғамдық талқылау барысында ақпаратты жариялаудағы іріктемелі тәсіл мәселесі де көтерілді. Шетелдік қаржыландыру алушылар туралы мәліметтердің ашық жарияланатыны, ал мемлекетке активтерді қайтару рәсімдері аясында мүлкін қайтарған тұлғалар мен компаниялар туралы [ақпарат қоғам үшін жабық күйінде қалып отырғаны айтылды](#).

Маусым

Бас прокуратура Ulys Media сайтының бұрынғы жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер мен квазимемлекеттік сектор басшыларының ұсыбайлас жемқорлық істері бойынша шетелде жасырынып жүрген тұлғалар туралы [журналистік сауалына ақпарат беруден бас тартты](#).

Ведомство qamqog.gov.kz порталындағы ашық статистиканы пайдалануды ұсынды. Бұл портал іздеуде жүрген адамдар туралы тек жалпыланған мәліметтерді ғана жариялайды. Редакцияның айтуынша, ашық дереккөздер арқылы шетелде жасырынып жүрген бұрынғы шенеуніктер мен мемлекеттік компаниялардың басшыларының жеке басын анықтау мүмкін емес.

Ulysmidia.kz тілшісі Илияс Бақыт Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Асламбек Мерғалиевтен сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық пен [сот процестерінің ашықтығына қатысты сұрақтарына жауап ала алмады](#).

Редакцияның мәліметінше, форум аяқталғаннан кейін журналист өзін таныстырып, сұрақтарының тақырыбын түсіндірген. Алайда Асламбек Мерғалиев баспасөз өкілдерімен сөйлесуден бас тартып, іс-шара өтетін жерден кетіп қалған. Басылым сондай-ақ баспасөз қызметінің қызметкерлері журналистің пікір алуға әрекет жасауына кедергі келтіргенін хабарлады.

Журналист [Жания Уранқаева Мәжіліс ғимаратының алдында «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусинге интернет сапасы мен тарифтердің қымбаттауы туралы сұрақ қоюға тырысты](#). Алайда ұлттық компания басшысы жауап берудің орнына бұл жерде баспасөз мәслихаты өтіп жатпағанын айтып, мұндай форматтағы сұхбатты «әдепке сай емес» деп бағалады және «контекстен жұлып алынған қысқа сұрақтарға»

жауап бергісі келмейтінін мәлімдеді. Журналистің айтуынша, Бағдат Мусин «Қазақтелеком» басшысы қызметіне кіріскелі бері бұқаралық ақпарат құралдары үшін ашық баспасөз мәслихаты өткізілмеген. Сондықтан журналистер оған сұрақтарды қоғамдық іс-шаралар барысында қоюға мәжбүр. Бұл ретте байланыс сапасы мен компания қызметтерінің құны қазақстандықтар арасында ең көп талқыланатын мәселелердің бірі болып қала береді.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті өмір бойына бас бостандығынан айырылған [Владислав Челахтың денсаулық жағдайы мен ұсталу шарттары туралы толық ақпарат беруден бас тартты](#). Ведомство мұны дербес деректерді қорғау туралы заңнама мен Қылмыстық-атқару кодексінің талаптарымен түсіндірді. SyrMedia редакциясының сауалына берілген жауапта сотталған адамның заңды күшіне енген үкім негізінде жазасын өтеп жатқаны, оның қай жерде жазасын өтеп жатқаны туралы мәліметтер белгіленген тәртіппен тек туыстарына ғана берілетіні, ал жеке сипаттағы ақпарат жария етілмейтіні көрсетілген.

6. Кемсітушілік және гендерлік теңсіздік (әйел журналистерді қудалау, жыныстық сипаттағы қысым көрсету, кәсіби мүмкіндіктерге тең емес қолжетімділік

Сәуір

[Respublika.kz](#) журналисі [Жанна Байтелова](#) өзіне жасалып жатқан қысымның жалғасып жатқанын мәлімдеді. Оның айтуынша, бұған дейін өзін аңдып жүрген адам (сталкер) деп атаған азамат қайтадан полицияға арыз түсірген. Сонымен қатар «Республика» басылымының Instagram және Facebook желілеріндегі парақшалары жойылған.

Мамыр

Мамыр айында Ulysmedia.kz бас редакторы әрі негізін қалаушы Самал Ибраеваға жасалған [кибершабуылдың тергелуінің нәтижесіздігі қоғам назарын аударды](#). Киберқылмысқа арналған баспасөз мәслихатында Ішкі істер министрлігінің өкілдері тергеудің бір жылға жуық уақыт бойы жалғасқанына қарамастан, кінәлі тұлғалардың анықталмауының және істің нақты нәтижеге қол жеткізбеуінің себебін түсіндіре алмады.

Егер журналистердің құқықтарының бұзылу фактілері туралы хабарлағыңыз келсе немесе сұрақтарыңыз болса, бізбен mediastana@gmail.com электрондық поштасы арқылы байланыса аласыз.